

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАРТ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

январь Сейсенбі

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздардың, совхоздардың қоғамдық малын қыс-тан әрі күйлі, әрі шығынсыз шығару, сөйтіп, жана жыл-да социалистік мал шаруашылығын өркендетуде жана, күрделі табыстарға жету—облыс мал өсірушілерінің бү-гін таңдағы ең басты міндеті.

үлгілі

ауданындағы Карл «Победа» және Преснов ікелді атындағы кол-болады. ан колхоздарда кәзір ына тасылып алын-өте аз. Ал, кейбіреуле-вок. Калинин, Карл (Булаев ауданы) сыяқ-хоздарда малға шөп тасылып әкеліп бе-анда оның қар астында амауын ешкім бақыла-ейді. Сол сыяқты, бұл шөп норма бойынша ыстатудағы осындай і берілуі аталған кол-қ малдың мезгіліндә андырылмауына, оның не, кей реттерде, тіпті ұшырауына әкеліп нгүл совхозы сыяқты ьздарда да жағдай дәл ойдағыдай өткізу — ал шаруашылығын оған удің негізгі шарты. н және колхоз, совхоз фермаларының меңге-

Ылғал үшін күрес мейлінше күшейтілсін!

Алдыңғы қатарлы механизаторлардың үндеуіне жауап

Приеміш МТС-нің механизаторлары еліміздің таңдаулы механизаторларының тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіс кезінде үздіксіз және өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі Үндеуін қызу қарсы алды. Олар озат механизаторлардың Үндеуіне жауап ретінде өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды, жазғы маусымда тракторлар мен тіркеу саймандарының өнімді жұмыс істеуі үшін жөндеу жұмысында еңбек өнімділігін еселеп арттырудың нақтылы шараларын белгіледі.

МТС-те жөндеу жұмысы тораптық әдіспен жүргізіліп келеді. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде механизаторлар жөндеу құрал-жабдықтары мен материалдарды және жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, сөйтіп, тағайындалған сменалық тасырмаларын үнемі артығымен орындай отыруға жетісті. МТС-те жөндеу жұмысының күндіз және бескүндік графигі соңғы кезде дәлме-дәл орындалып келеді. Мұнда бірінші январьға дейін 26 трактор орнына, 32 трактор толық жөнделіп болды. Сол сыяқты, тіркеу сай-

Қар тоқтатуға жете нөңіл бөлінсін

Преснов ауданының көптеген колхоздары егістік алаңдарға қар тоқтату жұмысын өте баяу жүргізіп келеді. Бұл жұмысқа аудан және колхоз басшылары күнбе-күн және нақтылы басшылық жасамай отыр. Рас, қыстың бас кезінде аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі егістік учасқотерге қар тоқтату сыяқты аса маңызды агротехникалық шараларды мерзімінде және мінсіз жүзеге асыру жөнінде арнаулы мәселе қарап, қаулы қабылдады. Олар қысқы агрономиялық шараларды барлық жағынан тынғылықты ұйымдастыруды аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Қоспанов және бөлімнің бас агрономы Бухалов жолдастарға тапсырды.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімі өзіне жүктелген бұл міндеттерді мінсіз жүзеге асырып келе ме? Әрине жоқ. Ол колхоздарда егістік учасқотерге қар тоқтатудың тоқсандық, жылдық жоспарын жіберумен ғана тынды. Бөлім колхоздардың қысқы агрономиялық шараларды жүзеге асыруға әзірлігін тексермейді, тағайындалған жоспардың толық орындалуын талап етпейді. Ол бұл жөнінде колхоз басшыларына нақтылы нұс-

тін іске түгел қосылмауының және жұмыстың бұл учасқотіне нақтылы басшылық жасалмауының салдары дәуіміз керек.

Егістік алаңға қар тоқтату ісінің жайы «Новый свет» колхозында да (председателі Кокорин жолдас) ойдағыдай емес. Бұл колхоздың да егістік жерінің көлемі 2 мың гектардан асады. Алайда, мұнда бұл күнге дейін бірде-бір гектар егістік учасқотке қар тоқтатылған жоқ. Ол-олма, бұл колхозда егістік алаңдарға қар тоқтататын қалқандар да тиісті дәрежеде ориатылмап келеді.

Бұл арада аталған колхоздарды қамтыттын МТС агрономдарының қысқы агрономиялық шараларды жүзеге асыруға колхоздарға мүлдем көмектеспейтіндігін атап айту керек. МТС-тің учасқоті агрономдары Әлкенов және Қойшыбаев жолдастар бұл колхоздарға келгенде қысқы агрономиялық шаралардың қай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын тексеріп білмейді, істін шын жайымен таныспайды. Бұл жөнінде колхоз басшыларына, егіншілерге агротехникалық кеңес бермейді.

Аудандағы 24 колхоздың 6-ы қар

Колхоздарда 1951 жылдың жылдық есебін жасау туралы

Жуырда облыстық ауылшаруашылық басқармасы колхоз есепшілерінің, аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің нұсқаушы-бухгалтерлерінің ауданаралық семинар-кеңесін өткізді. Бұл семинар-кеңесте колхоздардың заттай және ақшадай табысын бөлу, 1951 жылдың жылдық есебін жасау мәселелері талқыланды. Семинар-кеңесте бірқатар аудандық Совет атқомдерінің председателдері, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушілері мен басқа да басшы қызметкерлер қатысты.

Семинар-кеңесте колхоздардың есепші-бухгалтерлерінің заттай және ақшадай табысты бөлу, жылдық есепті жасау және колхоздарда есеп жұмысын жолға қою ісіндегі ролі мен міндеттері сөз болды.

Колхоздардың жылдық табысын бөлуге байланысты мәселелер талқыланғаннан кейін колхоз есепшілері мен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдерінің нұсқаушы-бухгалтерлеріне колхоздардың жылдық есептерін жасау жөнінде нақтылы нұсқау берілді, есепшілер есеп жасайтын барлық формалармен және есеп жасау әдістерімен танысты, өздерінің жұмыс әдістері жөнінде пікір алдысты.

Үкмет тағайындаған мерзімге сәйкес колхоздардың жылдық есебін жасау үсті-

сай азықтандыру, күту нәтижесінде әр бір сыйырдан бірнеше литр сүтті жоспардан артық сауды. Ол бұл күндері де әрбір сауын сыйырдан сүтті нормадан едәуір артық сауып жүр.

Дегенмен, облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың барысы әлі ойдағыдай емес, кейбір колхоздарда бұл жұмыс мүлдем бетімен жіберіліп отыр. Мұның негізгі себебі — аудан және колхоз, совхоз басшылары, мал фермаларының меңгерушілері мал қыстатуға жеткіліксіз басшылық жасап келеді. Осының салдарынан кейбір колхоздар мен совхоздарда қыстың өткен екі айға жуық уақыты ішінде мезгілімен және дұрыс азықтандырылмағандықтан мал жүдеуге айналды. Сөйтіп, оның шығынға ұшырауына жол берілді. Мұндай колхоздар қатарына Совет ауданындағы «Новый быт», «Красный пол-

кү» нақтылы басшылық жасалсын. Мал азығының ретсіз жұмсалыуына, талан-таражға түсуіне үзілді-кесілді тыйым салынсын.

Мал қыстату маусымын шығынсыз өткізу колхоз, совхоздардағы партия ұйымдарының мал өсірушілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстарды нақты ұйымдастыруларына тікелей байланысты. Мал фермаларында жұмыс істеуге коммунистерді, комсомолецтерді, активтерді көбірек жіберіп, партия ұйымдары мал шаруашылығына басшылықты мейлінше жақсартуға міндетті.

Бұл міндеттерді іскерлікпен жүзеге асыру, малды қыстан әрі күйлі, әрі шығынсыз шығару, сойтіп, жаңа жылда социалистік мал шаруашылығын өркендетуде жаңа күрделі табыстарға жету — облыс мал өсірушілерінің бүгін таңдағы ең басты міндеті.

Т. Шауқенбаев жолдасты Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының председателі етіп тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Тарбай Шауқенбаев жолдас Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының председателі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары **И. ЛУКЬЯНЕЦ**.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары үшін **А. НЕКЛЮДОВ**.

Алматы қаласы, 1952 жылғы 5 январь.

Н. В. Гогольдің қайтыс болуына 100 жыл толуына

КИЕВ, 5 январь. (СОТА). Бүгін Украина совет жазушылары одағында Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Гончардың председателдік етуімен Н. В. Гогольдің өлгеніне 100 жыл толуына әзірлік жөніндегі комиссияның мәжілісі болды.

Комиссия жазушының жүзжылдығын өткізу жөніндегі шараларды талқылады.

«Н. В. Гоголь және совет әдебиеті» деген тақырыпта әдеби кештерін өткізу үшін Гоголево, Сорочинцы, Миргород және Полтаванын басқа аудандарына Ук-

раина жазушыларын жіберу жөнінде қарар қабылданды. Мұндай кештер Донбасс және Каховкада өткізілмекші.

Жазушылар республиканың басқа облыстарында да баяндама жасайтын болады. Олар украин әдебиеті мен искусствосын өркендетудегі ұлы орыс жазушысы Н. В. Гоголь творчасының мәні туралы баяндамалар жасап, еңбекшілерді Н. В. Гогольге арналған шығармалармен таныстырады.

күш-мүмкіншіліктер толық жұмылдырылып отырған жоқ. МТС коллективінің ендігі негізгі міндеті — осы күш-мүмкіндікті іске түгел қосып, жөндеу жұмысын бұдан да жедел қарқынмен жүргізу болып отыр.

И. ВАСИЛЬЕВ.

тату сыяқты аса маңызды жұмыстар ойдағыдай атқарылуда. Бірақ, ауданның Сталин атындағы колхозында істің жайы бұдан өзгеше болып отыр.

Туқым тазалау, әсересе, колхоздың № 1 бригадасында өте-мөте нашар. Мұнда бұл жұмысқа бөлінген

Егіннен гары сапдықтан залалауды тазалау күн

Қаламыздың өнеркәсіп орындары

Өзара міндеттемелер жүзеге асырылды


Танертеңнен бастап бірінен соң бірі жолдаушы поезддары келе бастады. Бұл жүк тиелген маршруттарды өткізу жұмысына едәуір қиыншылықтар да туғызды. Кезектің бас кезінде жүк тиелген составтардың біреуін тағайындалған мерзімнен де кешіктіріп жөнелтуге тура келді. Алайда, Петропавл станциясының кезекшісі Баранцев жолдас бұл қиыншылықтарды жеңудің жолын байыптылықпен белгілеп, бірден жүзеге асыра бастады. Ол участоктік диспетчер Мухив жолдасымен телефон арқылы байланыс жасап:

— Диспетчер жолдас, қалған поезддардың барлығын график бойынша жөнелтемін. Макушино станциясының кезекшісі Калугин жолдасты жарысқа шақырамын, — деді.

Диспетчер Михаил Мухив станция кезекшілерінің арасындағы социалистік жарысты қуаттады да, олармен бірлесе жұмыс істей отырып, поезддардың түйінді пункттерге бірқалыпты жеткізіліп отырылуын ұйымдастырды.

Сөйтіп, Петропавл станциясының кезекшісі Баранцев және Макушино станциясының кезекшісі Мухив жолдастардың арасындағы өзара міндеттемелер ойдағыдай орындалды. Бұл күні Петропавл станциясынан барлық поезддардың 90 проценті, Макушино станциясынан 94,3 проценті график бойынша жөнелтілді.

Н. ЕЛАМАНОВ.



Петропавл паровоз депосының прессаппаратшысы Ф. Посохов жолдас сменалық жұмыс тапсырмасын күн сайын үш еседен артық орындап, социалистік жарыстың озаттары қатарына қосылды.

СУРЕТТЕ: Ф. ПОСОХОВ ЖОЛДАС.

Суретті түсірген **А. РОЗЕНШТЕЙН.**

Күю цехында

Шойын күю таразы зауытындағы күю цехының (бастығы Стельмах жолдас) жұмысшылары 1951 жылдың екінші жартысында таразы гирылерін күюдің жаңа әдісін меңгерді. Бұл әдісті өндіріске енгізу арқылы завод коллективі өткен жылы 40 мың сомдай мемлекет қаржысын үнемдеді. Кәзір цехта технологияны жетілдіруге, еңбек процестерін жеңілдетуге арналған рационализаторлық ұсыныстарды жыйнау және талқылау жүріп жатыр.

М. ГЛЕБОВ.

«Союз» стан облыштері өт бойынша шина жұ автомаш зілмей 10 үшін пәр

Шофер өзінің ой Жылдың тонна-квдды 170,6 ганда 11 кен жыл да жоғар

Трест таларында сақтыққа тыру ола түсті. Со шиналард едәуір үн мобиль р Бондарев, жүк маш тоқтатпас жүріп бір үнемдеді. артығыме бойынша сарту, жа терді ұқы дамдығын жылы ме артық па

**Здары
ын**

и. Соколов
оветі (пред
ен жылдын
түскен үш
ған. Ал, бұл
ть к комму
делі Белоу-
шағымына
ке айналды-

некен-саяк
а кездеседі.
кая Коммуна
ателі Ши-
нар соңғы
н, шағым-
Әйткені, ол
ы аяқсыз
і председателі
й өрескел
деп таппа-

ич ауылдық
сов жолдас
бекшілерінен
» дейді. Бұл
лық Совет
ысов жол-
тығыз бай-
қараны со-
армайтынды-
гін жұмы
й кемшілік

дин атында-
еңбекшілер-
ағымдардың
колхозының
астын өткен
па шағым
жауап бе-
лып отыр.
паруашылық



Москва. Метрополитеннің Үлкен айналымындағы адамдар түсетін участка. СУРЕТТЕ: «Новослободск» станциясының жер астындағы вестибюлі. Суретті түсірген Л. Великжанин. (СОТА-ның фотохроникасы).

**Мәдениетті совет саудасы кенінен
өрістетілсін**

(Тілші хаттарына шолу)

Облысымызда мәдени тұрмыс дәрежесі барған сайын жақсарып келе жатқан тұтынушыларымыздың тілегіне сай сауда жұмысы да кенінен өрістей түсуде. Әсіресе, көпшілік қолды тұтыну заттарының елімізде көптеп шығарылауы, сауда қызметкерлерінің өз жұмыстарын бүгінгі міндеттер дәрежесінде ұйымдастыра білуі тұтынушылардың тұрмыстық қажеттерін мұқият өтеуге мүмкіншілік беріп отыр.

Совет ауданындағы Астраханка селолық тұтынушылар қоғамының қызметкерлері советтік сауда принципі қатаң сақтай отырып, тұтынушылардың талабын әрқашан қамқорлықпен өтей білумен қатар, сауда жұмысының мәдениеттілігі үшін қажырдылықпен күресуде. Тұтыну-

шылардың көпшілігі тамыр таныстарға сатылатындығын жазды. Әсіресе, «Бостандық» колхозындағы дүкеннің сатушысы Мұрсалимова жолдас тұтынушылар қоғамының қоймасынан әкелінген товарлардың өзін дүкен үйінде сатпай, өзінің тұратын үйінде тамыр таныстарына тарауды әдетке айналдырған. Колхоздың үш бригадасы бар. Бірақ, Мұрсалимова жолдасын өзі тұратын бригадалағы тұтынушылардың кейбіреулері товарларды ала алады да, ал, басқа бригадалардағы тұтынушылар товарларды бірнеше айлар бойы ала алмайды. Селолық тұтынушылар қоғамының председателі Радионов жолдас мұндай жолсыздықтарды біле тұра ешбір шара қолданбай отыр.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 5 январь. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін берген хабарында былай деген: Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды.

Батыс майданда Чанданның солтүстігіне таман Халық армиясының бөлімдері алып тұрған бірнеше маңызды биіктерге жау артиллерия және танктердің көмегімен күшті атакалар жасады. Алайда, халық әскерлерінің қуатты қарсылығына кездесіп, өлгені және жараланғаны бар 800-ден астам адамынан айырылып дұшпан кейін шегінді.

Батыс жағалауда Халық армиясының бөлімдері Енподо және Сунидо аралдарын азат ету ұрыстарында ірі табыстарға ие болды. Толық емес мәлімет бойынша, дұшпан өлідей, жараланғанындай және қолға түскені бар 200-ден астам солдаттары мен офицерлерінен айырылды. 100-ден астам винтовка, 10 пулемет, 5 зенбірек, 43 кеме, патрондар салған 20-дан астам жәшік және басқа соғыс мүліктері қолға түсірілді. Лисынманшыл баскесерлердің аюандығынан азап шеккен 15 мыңнан астам тұрғын халық азат етілді. Талканы шыққан әскерлерінің қалдығын

алып кетуге әрекеттенген жаудың үш соғыс кемесі суға батырылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Муньчхонь, Аньбань, Саривонь және Сонинма қалаларының бейбіт халықтарын бомбалауға қатысқан жау самолеттерінің ішінен 4 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 6 январь. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі берген бүгінгі хабарда Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, американдық интервенттері және лисынманшыл әскерлерге қарсы өзінің бұрынғы алып тұрған шептерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды делінген.

5 январь күні Халық армиясының бөлімдері және қытай халық еріктілері Корангпори ауданында жаудың күшті атакаларын тойтарып, оны үлкен шығындарға ұшыратты.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Кореяның Шығыс және Батыс жағалауларындағы бейбіт халықты бомбалауға қатысқан жау самолеттерінің ішінен 3 самолетті атып түсірді.

Лахордегі (Пакистан) тоқыма фабрикасының жұмысшыларының жеңісі

КАРАЧИ, 6 январь. (СОТА). «Пакистан таймс» газетінің хабарына қарағанда, Лахордегі тоқыма фабрикасы жұмысшыларының 30 күнге созылған ереуілі 2 январь күні аяқталған. Бұрын жұмыстан

шығарылған кәсіподақ мүшелерін қайтадан жұмысқа орналастыруға фабрика иелері келісім білдіргеннен кейін жұмысшылар жұмысқа кірісті.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ҰЛҒАЮЫ

БОНН, 5 январь. (СОТА). Батыс герман агенттігі ДПА-ның берген хабарына қарағанда, 1951 жылдың декабрінде Ба-

346957 адам артқан. Сонымен, 1951 жылдың аяғына дейін жұмыссыздардың жалпы саны 1 миллион 563 мың 553-ке жет-

қазіргі уақытта кітап оқушылар саны 900 адамға жетті.

комитетінің төл ісі.

Б. АЯПБЕРГЕНОВ.

Бүкілодақтық шаңғы жарысы

Біздің елімізде бұдан бұрын комсомол және кәсіподақ ұйымдары өткізген жаппай шаңғы кростары физкультура мен спортты өрістетуде зор роль атқарды. Комсомолецтер мен жастарды шаңғы спортымен шұғылдануға көптеп тартуға мүмкіндік берді. Тең біздің облысымызда ғана жыл сайын шаңғы кроссына 10 мыңға жуық физкультурашы қатысады.

Шаңғы спортын одан әрі өрістету мақсатында кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі мен БЛКЖО Орталық Комитетінің қаулысы бойынша 1952 жылғы 23 январьдан 23 февральға дейін Бүкілодақтық жаппай шаңғы кросы өткізіледі. 23 январьдан 13 февральға дейін кәсіпорындарының, колхоздар мен совхоздардың және оқу орындарының жеке-қандайлық бірінші орынға ие болу жарыстары өтеді. 13 февральдан 23 февральға дейін қалалардың, аудандардың бірінші орынға ие болу жарыстары болады. Кросс финалын 23 февральда, Совет Армиясы күні өткізу ұйғарылды.

Бүкілодақтық шаңғы кросы қысқы маусымдағы спорттық ең зор шара.

Жарыс программасы бойынша бөгеттер қойылған жерлермен 14—15 жастағы ер балалар үшін 3 километр, осы жастағы қыздар үшін 2 километр, 16 жастаң асқан қыздар үшін 3 километр, 16 жастаң асқан жас жігіттер үшін 10—және 18 километр шаңғымен жол жүреді.

Облыста, қалада, аудандарда кроссқа әзірлік және оны өткізу ісіне құрамында партия, кәсіподақ, комсомол және физкультура ұйымдарын, халық ағарту орындары мен мәдени ағарту мекемелерінің

өкілдері бар 7—11 адамнан құрылған ұйымдастыру бюролары басшылық етеді. Кәсіпорындарында, оқу орындары мен колхоз, совхоздарда және МТС-терде кросты ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі кәсіподақтардың завод комитеттері мен жергілікті комитет председателдеріне, комсомол ұйымдары секретарьялары мен төменгі физкультура коллективтерінің председателдеріне жүктеледі. Тікелей кросты өткізу міндеті судьялық коллегияларға жүктеледі.

Кросс туралы ереже бойынша жеңіп шыққандарды ынталандыру шаралары қарастырылған. Мәселен, шаңғы кроссында жеке бірінші орынға ие болу жарысында жеңіп шыққандарға физкультура коллективтерінің, қалалардың, аудандардың «1952 жылғы шаңғы кроссында жеңіп шыққан» деген атақ беріледі. Қаланың, ауданның жеке бірінші орнына ие болу жарысында жеңіп шыққандар ҚЛКЖО облыстық комитетінің құрмет грамотасымен наградталады.

Қаланың, ауданның бірінші орнын алу жарысында жеңген командаларға ұйымдастыру комитеті тағайындаған брйгелер және дипломдар беріледі.

Комсомолецтер мен жастарды кроссқа қатысуға көп тартқан және 1—2 дәрежелі ГТО және БГТО значогіне норма таптырған комсомол-жастардың неғұрлым көп қатыстырылуын қамтамасыз еткен қаладағы және ауыл-селодағы комсомол ұйымдары ҚЛКЖО облыстық комитетінің құрмет грамотасымен, бірінші орынға ие болған ерікті спорт қоғамдары кәсіподақтардың облыстық Советінің ауыспалы бәйгесімен наградталады.

көркем суретті фильмдер көрсетіліп тұруын қамтамасыз ету жөнінде аудандық

Кәсіподақ, комсомол ұйымдары уақытты босқа өткізбей Бүкілодақтық шаңғы жарысына әзірлікті кеңінен өрістетулері керек. Қазірден бастап әрбір физкультура коллективі тәжірибелі-қоғамдық нұсқаушылардың басқаруымен шаңғышылардың үнемі жаттығуын бастау қажет. Қолда бар шаңғыны өндірістік сменаларда есепке ала отырып, әрбір шаңғышы жарыс басталғанға дейін кемінде 8-10 рет жаттығатын етіп жаттығудың графигін жасау керек.

Сол сыяқты кроссқа дайындалудың және өткізудің жоспарын жасау қажет. Онда шаңғы базалары мен спорт құралдарын дайындауды, дистанцияларды, фиништерді таңдап, тағайындау, судьялық коллегияларды таңдап алу ісі қарастырылуға тиіс.

Кәсіподақ, комсомол және физкультура ұйымдары шаңғы жарысына кәсіподақ мүшелерінің, комсомолецтер мен ұйымда жок мүшелердің жаппай қатысуын қамтамасыз етулері керек. ГТО значогіне норма тапсырғандарды спорт секцияларының жұмысына қатысуға комплекстің басқа нормаларын тапсыруға тарту қажет.

Бүкілодақтық шаңғы кроссының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Комсомол, кәсіподақ және физкультура ұйымдары шаңғы кроссының ұйымдасқан түрде, спорттық-техникалық жоғары дәрежеде өткізілуі үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмсаулары керек.

И. ГРИГОРЬЕВ.

Бүкілодақтық шаңғы кроссын өткізу жөніндегі облыстық ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

мен тынып қойды.

Ленин атындағы колхозға жылжымалы кино окта-текте ғана келеді. Соның өзінде киномеханиктер фильмдердің сапалы көрсетілуіне жетө көңіл бөлмейді.

Е. АҚБАСОВ.

Жойылмай келе жатқан кемшілік

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында өткен жылы колхозда газет, журналдарды иелеріне дұрыс таратып беруде көп кемшіліктер кездесті. Бұл кемшіліктер әлі күнге жойылмай келеді. Ивановка почта бөлімшесінен хат-хабар тасушы колхоз хатшысы Қ. Көжекбаев бригадаларға хат-хабарды өзі алып барып тапсырмай, кез келген адам арқылы беріп жібереді. Соның салдарынан газет, журналдар жазылушылардың қолына деркесінде тимей, кім көрінгеннің қолында кетіп қалып жүр.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында
«ҚЫТАЙ ҚЫЗДАРЫ»

Сеанстар сағат 12, 2 және 4-те басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында
«АКТР»

Сеанстар сағат 6-8-10

15 және 18 аттық күші бар мұнаймен жұмыс істейтін двигательдер сатылады. Танертенгі сағат 9-дан бастап кешкі 5 сағат 30 минутқа дейін мына адрес бойынша түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы, Степанов көшесі 111-үй. Телефон 2-50, «Заготсено».

«Облавтозэк» отын автомашиналарға көмірді автоматты машинамен дегін барлық ұйымдастырады.

Автомашинанаға көмір әрбір тоннаға 1 сом алынады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе —